

Германияның ортағасырлардағы өнері



Германияның қайта өрлеу дәуірі Италиядағыдай ұлы өзгеріс, ескінің бәрінен шынайы тазарту процесін әкелмеді. Онда орта ғасырлардағы ой-өрісі, сана-сезім әлі күшті сақталды.

Сәулет өнерінде готикалық әсер күшті болды. Оның бір айғағы – фасадтарды көшеге қараған инедей үшкір шпильдердің көптігі. Бірақ та ел билеушілері мен ақсүйектердің әсем сарайлары ренессанс әдісті құрылыққа бет бұрды.

Осындай баяу дамығанның өзінде, Германияда қайта өрлеу өнері өзіндік белгі, із қалдырды. Әсіресе, неміс сұнғаты бұрын-сонды болмаған биікке көтерілді. Бірақ та сұнғаттың бұл ағымы көпке созылмады, оның өмірі қысқа болды, небәрі 20-30 жылға созылды.

Ерте ортағасырлар

Ерте ортағасырлар кезеңінде, қазіргі Германия жерлерінде швабтардың (алеман), франктардың, баварлардың, тюрингтардың, сакстардың, гесстардың және т.б. тайпалық бірлестігі қалыптасты. Олардың тұрған территориялары кейіннен Швабия, Бавария, Тюрингия, Гессен т.с.с атала бастады. Бұл атаулар феодалдық князьдықтарда да, қазіргі кезде Германияның федеральды жерлерінде де сақталған. Франктар қатарынан жасалған қысымдардың әсерінен Каролингтер мемлекеті бірлесті, бірақ бұл мемлекет 843 жылы құлдырайды. Ғалымдар дәл осы уақытты неміс өнерінің бастауы деп санайды. Каролингтер кезеңінде (687-911 жж.) феодалдық қарым-қатынастар қалыптасты, христиандық енгізілді, жергілікті мәдениетке византиялық мәдениет әсер етті. 962 жылдан бастап Шығыс франктық патшалық Германдық империя атауын алды, кейіннен Қасиетті Рим империясы, содан соң Германдық ұлттың қасиетті Рим империясы атанды.



Wikimedia Commons



Романдық кезең

Неміс жерлерінде өнер бағыты бойынша алғашқы орындарды архитектура мен соған байланысты қолөнер түрлері, мысалы витраж, жиһаз дайындау, зергерлік бұйымдар әзірлеу, т.с.с иеленеді. Романдық кезеңнің өнері неміс жерлерінде X-XIII ғасырларда орын алған. Консервативтік жергілікті салт-дәстүрлер романдық формаларды басқа мемлекеттерге қарағанда ұзақ сақтауға ықпал етті. Сондықтан готика периоды бұл жерлерге кешігумен келді және Францияға қарағанда таза үлгілерден құралды. Романдық кезеңнің архитектуралық ғимараттарының бір бөлшегі керісінше Византия ғимараттарының үлгілеріне еліктеді.

Бамбер соборы.



Аббатство Мария Лаах.



Стефана Лохнера (1451 ж.) «Мадонна в розовой беседке» 1445 г.



Лукас Кранах Старший (1472-1553)
«Мартина Лютера» портреті.



Неміс готикасы

Неміс готикасы Франциядағы готикаға негізделді, бірақ өзіндік региональдық ерекшеліктерін қамтыды. Салынып бітпеген ғимараттарды жаңа стильде салды немесе ғимараттың конструктивті базасын бұзбай-ақ, оларға готикалық детальдар мен элементтерді қосты. Солай Франция, Испания, Британияның готикалық ғимараттарына қарағанда мәнерлі, монументальды болып келетін романдық-готикалық стильдегі бірнеше ғимараттар қатары пайда болады.

Ульмск соборы.



Осы периодта құрастырылған ең мәнді ғимараттар

- Михаэльскирхе, XI ғ., Хильдесхайм, Төменгі Саксония;
- Санкт-Бартоломеус атындағы кішкентай мешіт, 1017 ж., Падерборн, Солтүстік Рейн-Вестфалия;
- Санкт-Килиан шіркеуі , 1042—118 жж., Вюрцбург, Бавария;
- Санкт-Петер-унд-Георг шіркеуі, 1186—1237 жж., Бамберг, Бавария.



Кілем. XV ғ. Берлин



Неміс ренессансының басты шеберлері

- Матиас Грюневальд (. 1470—1528)
- Альбрехт Дюрер (1471—1528)
- Лукас Кранах (1472—1553)
- Ганс фон Кульмбах (1480 — 1522)
- Ганс Бальдунг (1484—1545)
- Ганс Гольбейн (1497—1543)
- Урс Граф (1490 — 1529)
- Альбрехт Альтдорфер (1480 — 1538)
- Фейт Штос (1447—1533)
- Бернт Нотке (1435—1509)
- Ганс Бургкмайр (1473—1531)
- Вильм Дедек
- Даниэль Гопфер (1470—1536)

Скульптор Вит Ствош,
Кафедральном
соборындағы алтарь,
Бамберг қаласы.

Витраж , Санкт-
Лоренце



Санкт-Георг, орган,
Любек қаласы.



Алтарь, Санкт-
Лоренце, Любек
қаласы.

